

2023 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Райымбек ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 8 желтоқсандағы № 335 қаулысы. Күші жойылды - Алматы облысы Райымбек ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 3 қарашадағы № 357 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Райымбек ауданы әкімдігінің 03.11.2023 № 357 қаулысымен.

"Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 7), 8) тармақшаларына, "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министірлігінде 2016 жылы 8 шілдеде №13898 болып тіркелді) сәйкес, Райымбек ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан ұйымдар үшін ұйым жұмыскерлерінің тізімдік санының екі пайыз мөлшерінде 1-қосымшаға сәйкес, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. Ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан ұйымдар үшін ұйым жұмыскерлерінің тізімдік санының екі пайыз мөлшерінде 2-қосымшаға сәйкес, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгіленсін.

3. Райымбек ауданы әкімдігі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) "Пробация қызметінің есебінде тұрған, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" 2022 жылғы 03 ақпандағы № 19 Райымбек ауданы әкімдігінің қаулысы

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Нұрбол Сағатбекұлына жүктелсін.

Аудан әкімі

Б. Дүйсенбаев

Райымбек ауданы әкімдігінің 2022
жылғы "___" "_____"

Пробация қызметінің есебінде тұрған
адамдарды жұмысқа орналастыру үшін
жұмыс орындарына квота белгілеу
туралы" №__ қаулысына 1- қосымша

Рет саны	Мекеме, кәсіпорын атауы	Белгіленген квота саны (адам)	Квота мөлшері (қызметкерлердің орташа тізімдік санынан пайызы)	Бөлінген квота саны (адам)
1	Райымбек ауданы Әкімінің "аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	62	2 %	1
2	Нарынқол ауылының шаруашылық жүргізу құқындағы "Аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	193	2 %	4

Аппарат басшысы

Г. Кенебаева

Райымбек ауданы әкімдігінің 2022
жылғы "___" "_____" "Бас
бостандығынан айыру орындарынан
босатылған азаматтар үшін жұмыс
орындарына квота белгілеу туралы" №
__ қаулысына 2 - қосымша

Рет саны	Мекеме, кәсіпорын атауы	Белгіленген квота саны (адам)	Квота мөлшері (қызметкерлердің орташа тізімдік санынан пайызы)	Бөлінген квота саны (адам)
1	Нарынқол ауылының шаруашылық жүргізу құқындағы "Аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	193	2 %	4

Аппарат басшысы

Г. Кенебаева

